

«Бала тілі – бал!» вариативтік компонент

1	«Біздің батырлар»	Жер ғаламшары, бүкіл әлем, ғарыш туралы балалардың түсініктерін кеңейту. Жаңылтпаштың көмегімен сөйлеу қарқынын өзгерте білуді дамыту. Сөздікті берілген тақырып бойынша кеңейту, толықтыру. Сөздерді байланыстырып айту, берілген сұрақтарға толығымен жауап беруге үйрету. Ерен еңбек иелерін құрметтеуге, өз еліне деген мақтаныш сезімін оятуға тәрбиелеу.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Зымыран» шарты: сұрақтарға жауап беру арқылы зымыранды құрастырып шығу керек.
2	«Менің міндеттерім»	Балалардың құқықтық білімін жетілдіру, құқықтық білім әр адамның ісі екенін ұғындыру; өз міндеттерін білуге, белгілі бір пікір айтуға, тұжырым жасауға үйрету, есте сақтау қабілетін жетілдіріп, сөздік қорын молайту; қызығушылықтарын арттыру.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Болады, болмайды» шарты: сұрақтарға жауап беру арқылы «болады», «болмайды» деп айту керек.
3	«Қауіпсіздік әліппесі» «Қарлығаш пен дәуіт» ертегі	Балаларға ертегі мазмұны арқылы қауіпсіздікті сақтауды, сақ болуды меңгерту. Ертегі мазмұнын айту арқылы ойлау, сөйлеу дағдысын қалыптастыру.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын.	«Бұл кім?» шарты: ертегі әлемі кейіпкерлерінің суреттері берілген. Сол суреттердің ішінен осы ертегі кейіпкерлерін табу. Ертегінің мазмұнын түсіну.
4	«Достығымыз жарасқан»	Балаларға достық, ынтымақтастық сөздерінің маңыздылығын түсіндіру, Достық, татаулық, бірлік ұғымдарын түсіндіру. Өзара татулық сезімдерін дамыту. Достыққа қадірлей білуге тәрбиелеу.	Түсіндіру, сурет бойынша әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Жылыулық шеңбері» шарты: балалар шеңбер бойымен тұрып, өз достарына допты лақтыру арқылы достық тілектерін арнайды.
5	«Жеңісті жырлаймыз!»	9 мамыр Жеңіс күні туралы, Ұлы Отан соғысында еліміздің, жерімізді жаудан қорғаған батыр ағаларымыздың ерлігін сурет бойынша әңгімелеу. Патриоттық сезімдерін дамыту. Отанын сүюге тәрбиелеу.	Түсіндіру, сурет бойынша әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Ұшақ» шарты: балалар ұшаққа отырып, әуенмен ұшады, әуен тоқтаған кезде қонады. Ойын осылай көңілді жалғасады.
6	«Кішкентай көмекшілер»	Балаларға жәндіктер, олардың түрлері, өзіне тән ерекшеліктерін айту, білімдерін кеңейту. Сөздік қорларын арттыру. Жәндіктерге қамқор болуға тәрбиелеу.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Шөпте не жорғалайды?» шарты: «не істейді?» сұрағына жауап береді. -Ара, шегіртке, құмырсқа, инелік, маса.

«Бала тілі – бал!» вариативтік компонент

7	«Бізге қонаққа жаз келді!»	Балаларға жаз мезгілі туралы түсініктерін кеңейту. Жазда пісетін жеміс- жидектер туралы айту. Ойындарды ойнауға қызығушылықтарын арттыру. Балаларға қойылған сурақтарға дұрыс жауап беріп, сөздік қорларын дамытып, тіл байлықтарын молайту. Сөздерді анық айтуға, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Кім жылдам?» шарты: себеттің айналасында жемістер мен көкөністер аралас жатыр. Себеттің ішіне тек жемістерді жинап салу керек.
---	----------------------------	---	---	---

«Бала тілі –бал!» вариативтік компонент аптасына 1 рет, жылына 36 сағат.

1	«Үлкен-кіші», «Биік-аласа»	Таныс заттарды көлеміне қарай (үлкен-кіші) және бойына қарай (биік-аласа) ажырату. Тапсырмалар арқылы «Үлкен-кіші», «Биік-аласа» ретімен орналастыру, атау.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Менің отбасым» шарты: отбасы мүшелерін атау, отбасы мүшелерінің үлкен-кіші адамдарының өз орындарын ажырату.
2	«Қарапайым мысалдар мен есептер шығару»	1-ден 10-ға дейінгі сандарды пайдану арқылы жазбаша түрде және логикалық есептер шығаруға машықтандыру. Көрсетілген сандардың құрамын айту, көршісін табу.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын.	«Есепте» шарты: логикалық есептер шығару.
3	«Жұмбақ есептер»	Берілген жұмбақты шешу арқылы есептің шешуін табу. Логикалық есептер шығаруға баулу, ойлау қабілеттерін дамыту.	Түсіндіру, сурет бойынша әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Кім тапқыр» шарты: педагог жұмбақ есептер жасырады, балалар жауабын тез тауып айтады.
4	«Графикалық диктант»	Оң және сол ұғымдары арқылы берілген нүкте бойынша төркөзді есептей отырып графикалық диктантты жазуға үйрету. Графикалық диктантты жазу кезінде ережені мұқият сақтауға дағдыландыру.	Түсіндіру, сурет бойынша әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Бұл не?» шарты: нүкте бойынша төркөзді есептей отырып графикалық диктантты жазуға үйрету, нәтижесінде қандай жануар немесе қандай бейненің шыққанын айту.
5	«Кеңістікті бағдарлау»	Балаларға кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Оңын және солын танып білуді еске түсіру. Оң жақ жоғары, оң жақ төмен, сол жақ жоғары, сол жақ төмен бағдарлай білуді терең меңгерту.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«оң-сол» шарты: педагогтың нұсқауы бойынша балалар кеңістікті бағдарлайды. Оң-солын ажыратып үйрету.

«Бала тілі – бал!» вариативтік компонент

		Нұсқауды орындай отырып тапсырманы таза және ұқыпты орындау.		
6	«Қағаз бетінде бағдарлау»	Балаларға оң-сол, жоғары-төмен ұғымдары арқылы ақ қағаз бетіне кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Нұсқауды орындай отырып қағаз бетіне таза әрі ұқыпты жазуды дағдыландыру.	Көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Бағдарлау» шарты: ақ қағаз бетіне кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.
7	" Математика әлемі"	Балалардың жыл бойына алған білімдерін тексеру. Ұғымдарды дұрыс қолдана білулерін бақылау, геометриялық, графикалық диктант арқылы балалардың кеңістікте бағдарлау дағдыларын тексеру. Сиқырлы математика әлемінің сан қырлы қырларын меңгергендігін, балалардың білімдерін тексеру, бекіту.	Түсіндіру, таныстыру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Кім тапқыр?» шарты: берілген сурет бойынша бейнеленген заттардың жалпы санын, кеңістікте орналасуын, шартты өлшемдерін тез тауып айту. білімдерін пысықтау.

«Сиқырлы математика» вариативтік компонент аптасына 1 сағат, барлығы 36 сағат.

1	Тұрмыстық қалдықтардың зияны қандай?	Тұрмыстық қалдықтардың адам өмірі мен қоршаған ортаға келтіретін зияны туралы түсінік беру. Полиэтилен пакеті мен пластик бутылкалардың зияны туралы түсіндіру.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап.	«Айырмашылығын тап» ойыны шарты: тұрмыстық заттардың зияны мен пайдасы туралы ажыратып әңгімелеу.
2	Тәжірибе сабағы. Зертханалық жұмысты бақылау.	Балаларға тәжірибе бойынша зерттеу жұмысын жүргізуді бақылату арқылы полиэтилен пакетінің зияны туралы білімдерін кеңейту. Полиэтилен пакетін қолдануға болмайтындығы туралы түсінік беру.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, тәжірибе жасау	«Айырмашылығын тап» ойыны шарты: полиэтилен пакеті мен табиғи пакеттің айырмашылығын айту.
3	Тұрмыстық	Тұрмыстық заттардың жарамсыз болып	Әңгімелеу, сұрақ-	«Топтастыр» ойыны

«Бала тілі – бал!» вариативтік компонент

	қалдықтарды қалай сұрыптаймыз?	тұрмыстық қалдақтарға айналғанның кейін, оларды жеке-жеке сұрыптап қалдық салатын жәшіктерге салуды түсіндіру.	жауап, түсіндіру.	шарты: сурет бойынша тұрмыстық қалдықтарды топтастырып, өз жәшігіне салу.
4	Тұрмыстық қалдақтарды кәдеге қалай жаратамыз?	Балаларға тұрмыстық қалдықтардан әр түрлі заттар жасауға үйрету. Шығармашылық, ойлау қабілеттерін дамыту.	Әңгімелеу, сұрақ-жауап, түсіндіру.	«Бұл не?» ойыны шарты: қолдан жасалған заттардың қалай жасалғандығын және қалай қолдану қажеттігін айту.
5	«Он саусақ»	Балаларға қалған қиынды маталардан қуыршаққа киім тігуді үйрету. Қол икемділіктерін дамыту.	Әңгімелеу, сұрақ-жауап, түсіндіру.	«Шебер қолдар» ойыны шарты: матадан және қағаздан жасалған киімдердің айырмашылығын табу.
6	Табиғат-біздің екінші үйіміз	Балаларға табиғатты аялауға үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.	Әңгімелеу, сұрақ-жауап, түсіндіру.	«Табиғат тіршіліктері» ойыны шарты: тірі табиғат тіршіліктерін табу.
7	Атадан мал қалғанша, тал қалсын.	Балаларды туған жердің табиғатының тазалығын сақтауға, көгалдандыру жұмысын жүргізудегі негізгі мақсат - тал егеудің маңыздылығын түсіндіру.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап.	«Жалғасын тап» ойыны шарты: мақал –мәтелдің жалғасын тауып айту, мағынасын түсіндіру.

Экология